Педагогикалық кеңес №01

ХАТТАМА

28.08.2024ж

Сырабат елді мекені. **Қатысқандар-7**

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Бір тұтас тәрбие» бағдараламасы бойынша жұмыс жүргізу.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы және хатшысын сайлау.
«**Баязит-ата**»бөбекжай бақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
2. Баяндама «Балабақша-жайлы мекен»
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
4. Тәрбиешілердің жазғы сауықтыру есебі.

1.Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Бегманова бүгінгі педагогикалық кеңесті өткізбестен бұрын балабақшаның барша педагогтарын жаңа 2024-2025 оқу жылымен құттықтады. Педагогтарға жаңа оқу жылында шығармашылық табыстар,сәттілік тілеп кеңесті бастады. Биылғы жылдың педагогикалық кеңес төрайым меңгеруші **А.Бегманова ал, хатшысы болып А.Каленова** болып сайланады деді. Барлық педагогтар келісті. Сонымен қатар жаңа оқу жылының жылыдық жоспарымен толықтай педагогтар таныстырылды. Жоспар бойынша әр тәрбиеші бала тәрбиесі жөнінде маңызды мәселелер талқыланып шешілді. Биылғы жылы «Әжелер мектебі», «Жас аналар мектебі» бағдарламасы бойынша тәртіпке сай балалармен бір қатар жұмыстар жүргіземіз деп айтылды. Бұл бағдарламаны қандай тәртіпте жүргізетініміз талқыланып оған барлық қызметкерлер келісетінін айтты. Меңгеруші А.Бегманова бізідің басты мақсатымыз балаларға бес білім дағдысы бойынша тәрбие мен білім беру болып табылады деді. Бес білім дағдысының балаларды қалай дамытатыны жеке-жеке талқыланды. Тәрбиешілер бала тәрбиелеудегі өз мақсат-міндеттеріңізді нақты түсіне алдыңыздарма деген сұраққа жас мамандар ізденіс үстінде болатынын әрі қарай дамыту жұмыстарын жасайтынын айтты. Сондай-ақ меңгеруші А.Бегманова балабақшаның күн тәртібі педагогтар және балабақша медбикесі Н.Саттар мен бірге қаралып талқыланып жұмыс уақытының тоғыз сағаттық режиміне сәйкестендіріліп құрылып бекітілді. Сонымен қатар сабақ

кестесі биылғы жылғы перспектива мен циклограммаға негізделіп жасалып бекітілді. Бес білім дағдысын қамту кіріктірілген сабақты жүргізген кезде күнделікті игерілетін болады. Сабақ кестесі де осыған орай негізделген.

2. Тыңдалды: тәрбиеші **А.Әсілбек** жаңа оқу жылының қарсаңына орай «Балабақша-жайлы мекен» атты баяндамасын оқыды. Балабақша -баланың өмірге аттаған, алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан, баланың болашағы қаланады. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту негізін қалайтын орын.Балабақша – білім мен ортаға биімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әр бір нәресте отбасында ата-анасынан бастап, барлық туған-туыстардың махаббаты, мен жылулық шапағатына бөленіп өседі.Әротбасында тәлім – тәрбие алып 3 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп,толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі деп өз ойын қысқа қорытындылады. Тәрбиеші А.Асілбекова баяндаманы оқи отырып өзінің түпкі ойы бақшаға жаңадан келген балаларға да жайлы ,қауіпсіз мейірімге толы жер болуы керек екендігін ол үшін тәрбиешілер балалармен асқан ептілікпен қарым-қатынас құру керек деп айтты. Барлық кеңеске қатысушылар өз пікірлерін ортаға салып бір келісімге келді.

3. Сөз сөйледі: А.Бегманова кіші «Балапан» топ тәрбиешісі Б.Дүйсебаева «Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын арттыру» деген шығармашылық тақырыбын бекітемін. Сіз өзіңіздің тобыңыздағы балалардың жас шамасы мен психологияық ерекшеліктерін ескере отырып, іс-тәжрибесінің шеберлігіне байланысты интегралды оқу іс-әрекеттер өткізу бойынша әдістерді қолданасыз. Жаңа технологияны жүзеге асыруда сіздің белсенділігіңіз ,шығармашылық ізденісіңіз ,өз мамандығыңызға деген сүйспеншілігіңіз ,алдыңыздағы шәкірттеріңізді бағалауыңыз ерекше орын алады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Сіздің міндетіңіз балаға –оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.Кез келеген балал тәрбиешінің қадағалауымен өз мүмкіндіктерін дамыта алады деп жұмысына түсінік берлді. Тәрбиеші келісті. Ал, ересек «Тұлпар» топ тәрбиешісі А.Каленоваға «Балабақшада әдеби шығармаларды пайдалану жолдары» атты шығармашылық тақырыбын бекітті. Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Әрине, мектеп жасына дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды оқи алмайтыны мәлім. Олар әдеби шығармаларды

сіздің мәнерлеп оқып беруіңіз бойынша ғана сөз сырын санасына ұялатады Ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісінде зор көмекші екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленбеген, әлі мектеп жасына жетпеген аулымыздың сәбилері кішкентай күнінен өз әже-аталары мен әке-шешелерінен естіген халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан нәр алып өсккені белгілі. Мұндай шығармаларды сәбилеріміз қызыға тыңдайды, жылдам жаттап алады. Мысалы: «Торғай», «Бақа-бақа балпақ», «Қарғалар», «Санамақ», тағы басқалар сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен, қайталама сөзімен, музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды.Сол себепті де «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» 3-тен 4 жасқа дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті үлгілерінен «Бесік жыры» сияқты ойнақы өлеңдер, санамақтар берілген.Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі деп түсіндірді. Тәрбиеші келісті. Келесі ересек «Тұлпар» топ тәрбиешісі А.Каленоваға «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту» атты шығармашылық тақырыбы бекітілді. Ойын – балалардың ойлау қабілетін арттыратын іс- әрекет. Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасауға болады:
- ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді деп өз сөзін аяқтады.

4. Тыңдалды: балабақша тәрбиешілері және медбике Н.Саттар жазғы сауықтырудың есебін берді. Жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес барлық топта түрлі іс-шаралар мен спорттық ойындар, сондай-ақ «Әсем гүлдер» тақырыбында гүлдер марафоны өткізілгенін айтты. Сонымен шектеліп қоймай жаз мезгілінің ерекшеліктері мен табиғи құбылыстарыда балаларға түсіндіріліп жаз мезгілі қызықты да көңілді өткізілді деп баяндады. Медбике жаз мезгіліндегі пісіп шығатын жемістермен көкөністерің пайдасы мен зияны туралы айтып балаларды іш ауруынан сақтануға шақырды.

Шешім:

1.Жаңа оқу жылында жылдық жоспар бойынша жұмыстар жүргізілсін. Ересек топтарда білім күніне орай ашық сабақтар жүргізілсін. Барлық топтар жаңа оқу жылына орай жабдықталсын.

2.Барлық тәрбиеші балалардың бақшада өзін жайлы сезіну атмосферасын қалыптастырсын. Сонымен қатар, өзіне берілген шығармашылық тақырыптар бойынша жұмыс жрізсін.

Кеңес төрайымы: **А.Бегманова**

Хатшы: **А.Каленова**

Педагогикалық кеңес №02

ХАТТАМА

27.11.2024ж

Пәленше елді мекені. **Қатысқандар-7**

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Балаларға эстетикалық тәрбие беруде тәрбиешілердің жоспарын түзету,байыту.

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Баяндама «Сәндік қолданбалы өнер туындылары арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру
3. Топтарда «бейнелеу өнері оқу іс-әрекеттерінің мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы».
4. Дөңгелек үстел «Ою ойғанның ойы ұшқыр»

5.Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.

1. Сөз сөйледі:

Балабақша меңгерушісі Асель Бегманова № 2 педагогикалық кеңесті ашық деп жариялап баршаңызға сәттілік тілеймін деп кеңесті бастады.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Асель Бегманова өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жаңа оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатқанын әр топта оқу құралдары толықтырылып көрнекі құралдар жасалды деп мәлімдеді. Сонымен қатар тәрбиешілер апталық циклограммасы мен перспективалық жоспарын құрып жұмысты сапалы жүргізуді қадағалап жатырмын деп айтты. Бақшамызға жаңадан келген балалар өздерін жайлы, қауіпсіз сезініп ыңғайлы жағдай жасалып жатқанын , тәрбиешілер шығармашылық жұмыстары бойынша ізденіспен жұмыс атқаруда деп айтты.

3. Тыңдалды:

Тәрбиеші Ұ.Нұрахова баяндама оқыды. Ұ.Нұрахова өз баяндамасында мектепке дейінгі жастағы көркемдік эстетикалық тәрбиенің өрісі кеңейтіп ,өз деңгейінде жүргізу тәрбиешінің ұлттық психология халықтық тәлім тәрбие дәстүрлерін тиянақты меңгеруіне және өз жұмысымызды сапалы пайдалана білуіне байланысты. Біз бағдарлама және оқу –әдістемелік талаптарды орындаушығана емес біз балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін оны жүзеге асыратын біз. Эстетикалық бағытта бейнелеу іс-әрекеті (сурет, мүсіндеу,жапсыру түрлері еңбек тәрбиесі, құрастыру және музыка сабақтары арқылы балалардың эстетикалық қабылдауын, сезімін, көркемдік талғамындамыту іскерлік дағдыларды меңгеруге, ұлттық қол-өнер ерекшеліктерін, оның әсемдігін сезінуге көңіл бөледі деп өз ойын білдірді.

4.Сөз сөйледі:

Балабақша меңгерушісі А.Бегманова барлық топтардағы бейнелеу өнері сабақтарының қаншалықты дәрежеде жүргізіліп жатқандығын сұрады. Апайлар сіздер сурет сабағы, мүсіндеу, жапсыру сабақтарын балалармен қалай жүргізесіздер деп сұрады. Сіздер бейнелеу өнері сабағын жүргізгенде жұмыстарыңыз бала жасына лайық болуы керек екендігін қол икемділігін дамытып қана қоймай ойлау қабілетін арттыруы керек деп айтты. Тәрбиешілер бейнелеу өнері сабақтарын балаларға апталық циклограмма бойынша өткізетінін, сондай-ақ кейбір жағдайларда өздері балаларға көмектесетінін айтып жеткізді.

5.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Асель Бегманова «Ою ойғанның ойы ұшқыр» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілетінін айтты. Дөңгелек үстелді өткізудегі мақсатымыз балаларға салт дәчтүрді таныстыру, қазақтың көп түрлі оюлары бар екенін оның әр қайсысының өзіндік мағынаға ие екенін айтып тұсіндіру ою туралы мәліметтер беріп қана қоймай кішкентай бүлдіршіндеріміздің ою өрнек жасауға дағдыландыру. Оюдыі қанық түстерін ажрата алуға үйрету. Осы дөңгелек үстелді өткізе отырып педагогтармен қандай тәсіл арқылы балаға ұлттық ою-өрнектер мен салт дәстүрлерді санасына сіңіруді талқылау деп сөзін аяқтады.

6. Сөз сөйледі:

Балабақша меңгерушісі А.Бегманова ересек топ тәрбиешісі А.Каленова «Табиғат әлеміне саяхат» тақырыбында өткізген АҰІӘ жақсы деңгейде өткізе алдыңыз деп бағалаймын. Балаларға табиғаттың өзіндік ерекшеліктерін, адамға берер пайдасы мол екенін, ал балаларымыз табиғатқа барынша қамқор болуы керек екенін, аялап күтуі керектігін азда болса меңгерте алдыңыз деп есептеймін.Алайда сабағыңыздың кемшілік тұстарыда болды. Сіз сбақты жүргізген кезде барлық бала

толық сабаққа қатысатындай жағдай жасауыңыз ерек еді деген сияқты пікірін айтты. Тәрбиеші кемшілікті ескеремін деп айтты. Сондай-ақ кіші топ тәрбиешісі П.Мақұлбекова «Күз сиы» тақырыбындағы АҰІӘ балаларға жасына сай көрнекіліктер қолдану керектігін, көбірек ойын арқылы сабақ жүргізуі керектігін ескертті. Тәрбиеші П.Мақұлбекова келісті.

Шешім:

1. Балалар барлық білім дағдысы бойынша кеңінен білім алсын. Сабақтар көрнекі құралдармен өткізілсін. Әдіскер Пәленшееваға қадағалау тапсырылсын.
2. Балабақашның дамытушы ортасы толықтырылсын. Балабақша тазалығы қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы: **А.Бегманова**

Хатшы: **А.Каленова**